

**Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 сәуірдегі № 2-14с "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 наурыздағы № 3-51 с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 наурызда № 6101 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 13-10 с шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 15.11.2023 № 13-10 с (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 сәуірдегі № 2-14с шешіміне (2017 жылғы 16 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4174 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

19-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"19. Әлеуметтік көмек осы Қағидалардың 3-қосымша 22) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын көрсетіледі.";

22-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

Қағидаларға 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Уәлиханов аудандық  
мәслихаты сессиясының  
төрағасы

М. Балтабаев

Уәлиханов аудандық  
мәслихатының хатшысы

Б.Кәдіров

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

\_\_\_\_\_ Қ. Ақсақалов

2020 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Уәлиханов аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 13 наурыздағы № 3-51 с  
шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы  
Уәлиханов ауданының әлеуметтік  
көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін  
белгілеудің және мұқтаж  
азаматтарының жекелеген  
санаттарының тізбесін айқындаудың  
қағидаларына 1-қосымша

**Атаулы күндердің, мереке күндерінің, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің, есілігі және мөлшері**

р/с №	Атаулы және мереке күндерінің және әлеуметтік көмекті алушылар санаттарының атауы	Әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері
15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери	

1	<p>мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер</p>	<p>жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер</p>
2	<p>Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер</p>	<p>жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер</p>
3	<p>Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер</p>	<p>жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер</p>
	<p>Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия</p>	

4	алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
6	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына еңбеген жұмысшылары мен қызметшілері	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні		
7	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналар	жылына 1 (бір) рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіштер
8	Құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көп балалы отбасылары	жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер
26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апатты еске алу күні		
9	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан азаматтар	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер

10	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
11	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан азаматтардың отбасы	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
12	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
13	1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
7 мамыр – Отан қорғаушы күні		
14	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды	

	орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам азаматтардың отбасы	жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер
15	Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы	жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер
9 мамыр-Жеңіс күні		
16	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіштер; 2020 жылғы 9 мамырға 300 000 (үш жүз мың) теңге
17	Қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының азаматтары	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жүз мың) теңге
18	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының азаматтары, яғни сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелетін қалаларда болған азаматтар	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жүз мың) теңге

19	<p>Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болған азаматтар</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жүз мың) теңге</p>
20	<p>Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан азаматтар</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жүз мың) теңге</p>
21	<p>Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жүз мың) теңге</p>
22	<p>Қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған азаматтар</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер; 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз мың) теңге</p>
23	<p>Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер және олардың одақтастары құрған концлагерьлердің, геттолардың</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер;</p>

	және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары	2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жүз мың) теңге
24	Әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яғни майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы азаматтар	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жүз мың) теңге
25	1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин Кеңестік Социалистік Республикасы, Белорусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы, Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған азаматтар	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер; 2020 жылғы 9 мамырға 60 000 (алпыс мың) теңге
26	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы азаматтардың отбасылары, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасылары	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер; 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз мың) теңге
	Екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің	



27	<p>әйелдері (жұбайлары), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізушілердің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбекте мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерін қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдері (жұбайлары)</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер; 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз мың) теңге</p>
28	<p>Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған азаматтар</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер; 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз мың) теңге</p>
29	<p>1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген), соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградалмаған және Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілмеген азамат</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз мың) теңге</p>
31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні		
30	<p>Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіндерге тікелей ұшыраған және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын азаматтар</p>	<p>жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер</p>
	<p>Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады:</p> <p>а) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан тысқары жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да органдардың қолдануы;</p>	

31	<p>б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай азаматтар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы;</p> <p>в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы;</p> <p>г) қуғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер халық комиссариаты - Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі - Ішкі істер министрлігі жанындағы айрықша кеңестің, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Прокуратурасы мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Істері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы;</p> <p>д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын азаматтарды қоспағанда, қуғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында</p>	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
32	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстаннан күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған азаматтар	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы азаматтармен бірге бас бостандығынан айыру	

33	орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының немесе олардың біреуінің қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары	жылына 1 (бір) рет 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіштер
30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні		
34	Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматтары	жылына 1 (бір) рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіштер